



Асқарбек алған асқар асулар

Мен қарапайым оқырман ретінде (Арқалық қалалық, Қостанай облыстық, Республикалық) газеттердің беттеріндегі тұшымды мақалалар арқылы, оны жазып отырған автордың қаламы үшкір, ойы жүйрік, әрбір жазған әңгімелерінің көтерген жүктері салмақты екенін түйсінемін.

Ел, жер қамы, тұрғылықты бауырларымыздың тұрмыс-тіршіліктері туралы жан дүниесі ашық, кейбір жағымсыздау мәселелердің салғырттықтарға салынбай шешілулеріне деген жан айғайын сезінгенімнен (жалғыз мен емес болармын) Асқарбектің әрбір мақаласын үзбей оқып, кейбіреулеріне газет арқылы да, кейіннен, таныса келе өзіне де шынайы пікірлерімді жазып, өзімнің ойымдағы айта алмай жүрген түйіндерді тарқатуға бетбұрыс жасағандарымнан туындағандарымды, қаламгер болмасам да, үнсіз қалып, елемей, немқұрайлылыққа салынуға ар-ожданым жібермеген еді. Асқарбектің атасы Бектеміс – қара сөздің жорғасы, баласы Назарбек, әкесінің: «маған ұқсамай-ақ қой!»,- дегеніне қарамастан, қанмен біткен дарыны, қара сөзбен де желдіртіп, өлеңмен аспанға қалықтатып, осы саланың алыптары Ғабит, Сәбит, Ғафу, Сырбайлардан бата алып, олармен деңгейлес ақындығын қалың оқырмандар да, кезінде, үздік, теңдесі жоқ атақты бұлбұл, Халық ақыны Иса Байзақовтың өзі мойындаған, ақын Әбділда Тәжібаевтың замандасы, дүлдүл ақын Нұрхан Ахметбековтің шәкірті.

Ал, Наз – ағаның бел баласы, Бектеміс атасының ең алғашқы немересі Асқарбек – табиғи дарындылықтың нұрға толы шуақты сәулесінде тәлімді тәрбие алғанының жемістерін бұл күндері оның қаламынан туындаған: «Тектілерден қалған тұяқ ем...», «Ата жолға оралу», «Жүрек жылуы», «Күнбағыс көңіл» және «Тәуелсіздік тартуы» атты еңбектерін көптеген ірі-ірі қаламгерлердің мойындағандары белгілі. Асқарбектің, әкесі Назарбектің: «Назғұмыр», «Ахмет ұшқан алтын ұя», «Алыстан оралған ақиық» және «Найзағай ақын Наз-аға» атты естелігі қалың оқырмандардың іздеп жүріп оқитын еңбектеріне айналғалы қашан.

Туған елі мен жеріне, ағайын, туыс, жекежаттарына, дос

жарандарына қалтқысыз адал, қадір-қасиетті білетін, тылсым сырды ұға алатын зерделі, биікке бастап шыға алатын терең білімді, қара қылды қақ жаратын әділ, өзіне де, өзгеге де адал, ақиқаттың анық сырын білетін, өмір бойы игілікті істерді тын-



дырып жүретін, сабыр суына тоқ, қолы ашық, жомарт, адалдықтың ақ жолына түскен – атақты, атаққұмар болуға тырыспаған, қаламынан туындап, жүрекпен және ерлікпен жазылған еңбектері жүректерге жетіп, есімі келешекте аңызға айналатын Асқарбектің, Арқалық қаласының Торғай облысы кезінде қала болып қалыптасуына қосқан сүбелі үлесі, оның Тәуелсіздіктің 30 жылдығына жасаған тәбаріктері ретінде саналынып, қаламыздың зиялылары, ақын, жазушылары 70 жасқа санаулы айлардан кейін толатын оған «Арқалық қаласының Құрметті азаматы» ғана емес, «Қазақстанның Құрметті құрылысшысы» атағына ұсыну, Асқарбектің осыншама еңбектерінің өз деңгейіндегі нақты көрсеткіші екендігі, арбаға таңылып, ауру азабын тартып, жүріс-тұрыстары шектелінген қам көңіліне адами демеу, теңдесі жоқ ем болар еді!

Менің бұл ойымды қалың оқырмандар да, замандастары да, қаламгерлер де бірауыздан қолдайды деген пәк ниетпен газеттік нұсқадағы бұл айтарымды әзірге шектей тұрып, сөз кезегін келесі құптаушыларға ұсынғым келіп отыр.

«Қазақстан Журналистер» және «Жазушылар Одағының мүшесі», «Ақпарат саласының үздігі» Асқарбек Назарбекұлы Бектемісов бұл атақтардан да жоғары мәртебелерге лайық деп санаймын, тек, іштарлықтарға жол бермесек болғаны.

Еркін ҚОЖАХМЕТҰЛЫ